

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Балалар әдебиеті

ЖАРИЯЛАНДЫ
08.02.2022СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/113903/>**Жанатаев Данат Жанатайұлы,****әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің профессоры, доцент****Нұрлан Айжан,****әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 1-курс магистранты**

Балалар әдебиеті – адам психологиясының, дүниетанымы мен қабылдау ерекшелігінің ең нәзік тұсын бейнелейтін сала. Жазушы адам мінезінің толып жатқан қыр-сырын, оның сыртқы бейнесін, ішкі жан дүниесін әртүрлі тілдік тәсілдерді қолдану арқылы бейнелейді. Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ғана емес, халықтың тарихи дамуының, дүниетанымы мен мәдени байлығының көрінісі. Жер бетіндегі әрбір этностың бір-біріне ұқсамайтын мәдениеті мен өзіне тән ерекшеліктері болатыны тарихи заңдылық. Мұндай құбылыс сол тілдік ұжымдағы ортаның қарым-қатынасынан, олардың сөйлеу мәдениеті мен өмір сүру дағдысынан анық байқалатынын аңғаруға әбден болады. Бұл ерекшеліктер сол кезеңге тән қоғамдық сананың тілінде жақсы сақталады да, сол этностың рухани, мәдени құндылықтарының негізін көрсетеді. Осыған орай қазіргі тіл ғылымында халықтың, индивидтің, оның ішінде бала дүниетанымындағы қоршаған ортаның өмірін, дүниетанымдық сипатын қарастыратын жаңа бағыттағы зерттеулердің мәні зор болмақ. Себебі, «тіл адамдардың іс-әрекетінен тыс дамымайды. Тілдік ұжымды, жеке адамды тілі арқылы танығанда ғана оның шаруашылық, мәдени өмірінен толық ақпарат алуға болады. Ал, баланың қоршаған ортаны қабылдауы мен ойтанымы, оны санаға сіңіруі, болмыс туралы ақпарат жинақтауы жас ерекшелік психологиясына сай этностың когнитивтік деңгейінің даму кезеңдерін анықтауға

мүмкіндік береді» . Балалар әдебиетінің мазмұны мен құрылымы көркем шығармалардың басқа саласына қарағанда стильдік мәнімен ерекшеленіп тұрады. «Әрбір ұлттың тілі – сол елдің менталды дүниесі мен шынайы этникалық болмысының айнасы. Тіл ұлттың мәдени өмірі мен дүниетанымы туралы ақпаратты сыртқа көрсетіп қана қоймайды, сонымен бірге шаруашылық тәжірибесінен алынған білімдер жүйесінің санада ұғым ретінде қалыптасып, тілдік таңбалар арқылы репрезентациялану құбылысын айқындаушы бірден-бір құрал». Тілдің байлығы тек сөздік қор мен сөздік құрамның, грамматикалық мүмкіндіктердің молдығымен айқындалмайды, бұл ретте тілдік тұлғаны қалыптастыратын танымдық жүйелердің, психологиялық және әлеуметтік құрылғылардың, мәдени тілдік бірліктердің барлығы да ескерілуі қажет. Сол секілді шағын мақалаға арқау болып отырған балаларға арналған шығармалардың танымдық сипаты, оған сәйкес анықталатын сана қызметі адамзат атаулының когнитивтік ерекшеліктерін сұрыптауға бағытталады. Сондықтан тіл білімінде тіл, мәдениет және ұлт арасындағы қарым-қатынасты, олардың бір-бірімен байланысын танымдық тұрғыда зерттейтін жаңа бағыт – когнитивтік тіл білімінің орны ерекше. Тіл білімінде көркем шығарманың, оның ішінде жекелеген қаламгерлердің тілдік тұлғасын, тілдік қолданыс ерекшеліктері мен танымдық негізін қарастырған зерттеу еңбектері өз нәтижесін берген болатын. Сол сияқты балаларға арналған шығармалардың танымдық жағынан зерттелуі де қазіргі таңда жемісін беруде. Мұндай шығармалардағы кейіпкер барлық болмысымен толық танылуы үшін тілдік құралдардың бала дүниетанымымен, болмысымен сай қолданыла білуі автордың тіл шеберлігі мен бала психологиясын жетік меңгергендігін байқатады.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.